

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МОРАЛЬДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ БІРЕГЕЙЛІГІ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

¹Раисов Қазбек Даирбекұлы, ²Жылқышыбаева Қарлыгаш Қайсанқызы,
³Кожаскеева Ләззат Темирбекқызы

^{1,2,3}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
¹kazbek_raysov@mail.ru, ²karluwa1970@gmail.com, ³kozhaskeeval@gmail.com

¹Raisov Kazbek, ²Zhylykshybaeva Karlygash, ³Kozhaskeeva Lyazzat
^{1,2,3}Kazakh National Women's Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)
¹kazbek_raysov@mail.ru, ²karluwa1970@gmail.com, ³kozhaskeeval@gmail.com

Андатпа. Ғұлама ғалым, философ Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайында трактаты», «Бақытқа жету жайында», «Бақытқа жол сілтеу», «Адамгершілік саясат» және т.б. шығармаларындағы әлеуметтік-этикалық мәселелердің тұтастығы, бірегейлігі және ерекшеліктері қарастырылды. Ғалым бұл еңбектерінде әлеуметтік-этикалық мәселелерге ғылыми талдау жасай отырып, ізеттілік, мейірбандық, әділеттілік, мінез-құлық, әдет-ғұрып, кемеліне жету мен бақытқа жетудің жолдары мен шарттары туралы қасиеттерді философиялық тұрғыдан пайымдаған. Зерттеудің мақсаты және міндеттері - Әл-Фарабидің моральдық-этикалық көзқарастарының алғышарттары, қалыптасу тарихы, сипаты және мәнін жан-жақты зерттеу, ерекшеліктерін анықтау, әл-Фарабидің моральдық-этикалық концепциясының бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігі мәселелерін оның жоғарыда аталған трактаттарының негізінде жүйелі түрде саралау.

Түйін сөздер: мораль, этика, онтология, болмыс ілімі, қоғам, ізгілік, бақыт, эманация, философия.

Кіріспе

Қазіргі Қазақстандық философияның ғылыми мұраларын қайтадан зерделеудің қажеттілігі туындап отырған кезеңде, өткен тарихымыздағы мұсылман ойшылдарының моральдық-этикалық, аксиологиялық идеялары мен көзқарастарын сындарлы талдау – бүгінгі күндегі өзекті мәселелердің бірі. Солардың бірі, әрі бірегейі – араб-мұсылман философиясының көрнекті өкілі, әлемдік философияның дамуына зор үлес қосқан әл-Фараби. Әл-Фараби – араб-мұсылман философиясын антикалық философияның құнды идеяларымен сабақтастыра отырып, болмыс пен таным, саясат пен мораль, өнер мен мәдениет жайлы тың ойларды тұжырымдаған ойшыл.

Ғалым А. Машанидің «Ұлы бабаның мирастарын зерттеу бізге міндет қой. Бұрынғылар оны неге істемеген? біз өткендерді кінәлаймыз. Ал кейінгілер де дәл солай сияқты бізді де кінәлайды емес пе. Олай болса, тәуекел деп осы істі қолға алуға кірістім» [1, 1 б.] – деген сөзіне толық қосыла отырып, ғылыми мақаламызды өзекті тақырыпқа арнауды мақсат еттік.

Ғалымның ғылыми назарынан қоғамдық болмыс пен руханият саласының барлық мәселері тыс қалған жоқ. Соның ішінде әл-Фараби саяси әлеуметтік-этикалық мәселелерді де жан-жақты қарастырған. Ғұлама ойшыл бұл философиялық көзқарастары мен ойларын «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайында трактатында», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында», «Бақытқа жол сілтеу», «Азаматтық саясат» және т.б. шығармаларында жан-жақты, әрі терең зерделеген.

Зерттеу әдіснамасы

Мақала тақырыбының деректік базасын «Ғылым Ордасы» Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорының материалдары, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің А. Машанов атындағы 2285 қорының құжаттары, арнайы ғылыми еңбектер, әдеби-тарихи шығармалар, естеліктер құрайды. Жұмыстың методологиялық негіздеріне өзекті мәселелерді, оның ішінде әл-Фарабидің осы аталған трактаттарындағы әлеуметтік-саяси, моральдық-этикалық мәселелерге қатысты тұжырымдаған философиялық көзқарастары мен ойларының бірегейлігін, ұқсастықтары мен ерекшелігін зерттеуге мүмкіндік беретін жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдістер кешені, герменевтикалық, компаративистика, мәтіндік талдау, абстрактіліден нақтылыққа өту, концептуалды талдау әдістері қолданылады.

Тарихнама

Зерттеу жұмысын жазып шығуда Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің А. Машанов атындағы 2285 қорының құжаттары, Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітапханасының «Баспа жылнамасы», Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Ғылыми кітапханасының материалдары, библиографиялық көрсеткіштер, сирек кітаптар мен қолжазбалар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кітапханасының және электронды ақпараттық ресурсының мәліметтері пайдаланылды. Мақаланы жазу барысында ғалым әл-Фарабидің трактаттары мен ақын Абайдың шығармалар жинағы қолданылды. Осы тұрғыдан тақырыпқа тікелей қатысы бар ғалым А.Ж. Машановтың әл-Фараби туралы «Аль-Фараби в энциклопедии ислама», «Путешествие на запад», «Әл-Фараби және Абай» және т.б. зерттеулері мен мақалаларын, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «Шығыс философиясы» оқулығын [2, 480 б.] айтуымызға болады. Зерттеу барысында әл-Фарабидің өмірі мен қызметіне, оның мұрасына арналған докторлық және кандидаттық диссертациялар да қарастырылды.

Әл-Фарабидің болмыс ілімі

Ғұлама әл-Фарабидің әлеуметтік-саяси, моральдық-этикалық бірегейлік тұжырымын түсіну үшін бірінші кезекте оның онтологиялық көзқарастарын қарастырып алғанымыз жөн болар деп шештік.

Әл-Фараби философиясында болмыс мәселесі ең маңызды орын алады. Ол философиялық трактаттарында адам рухани кемелденуге ең бірінші болмыстың мағынасы мен мәнін түсіну арқылы ғана жете алады деп көрсеткен.

Әл-Фарабидің болмыс ілімі исламның таухидтық сенімі негізінде қалыптасқан. Әл-Фараби осы мәселеде неоплатондық эманация теориясын ұсынады. Оның эманация теориясы теологиялық және философиялық ілімдерді біріктірген бүкіл мұсылман философиясының тарихымен тығыз байланысты.

Әл-Фараби мутакалимдердің исламдағы Құдайдың шексіз күдіреті туралы идеясын – екіұдай және қайшылықты ізденістерін қабылдай отырып, табиғаттағы тыныштықты, дүниедегі себеп-салдарлы байланысты қарастыра келе, қозғалыс пен өзгерістің бастауын іздеуді негіздейді. Ғалым әлемнің жаратылу барысын: «Бірінші мәнділік сол – одан болмыс бастау алады», – дейді ол, «Бірінші бар болуымен одан, өз болмысына сәйкес, барлық болмыстар пайда болады, Бірінші барлықтың болмысы – басқа заттардың болмысына бастау болу...» [3, 228-229 бб.], – деп сипаттайды.

Онтология мәселесін тереңнен талдай отырып, ойшыл әлемді алты сатыға бөліп қарастырады. Әлемнің бірінші сатысы – Құдай, «Алғашқы мәнділік Өзінен басқа болмыстың бастауы болуы, жаратушы өз мәнділігінен басқа ешқандай нәрсеге мұқтаж емес және Оған қалып беретін қозғалыс керек емес. Ол ешқандай пошымға ие емес және құралға мұқтаж емес», «Және Одан басқа болмыстардың бастау алуына ешқандай бөгет кедергі бола алмайды» деп пайымдайды [3, 227-229 бб.]. Екінші сатыдағы – екінші себептер, әл-Фараби «қозғалмайтын жұлдыздар» сферасы деп атаған «аспан денелері» тоғыз деп көрсетеді. Олар: Сатурн, Юпитер, Марс, Күн, Шолпан, Меркурий, Ай. Ай сферасынан төмен ай астындағы әлем орналасқан. Әл-Фарабидің айтуынша, рухтар мен періштелер әлемін екінші себеп ұғымымен байланыстырады. Әрекетшіл ақыл-парасатты – үшінші деңгейде. Рух – төртінші сатыда, форма (пошым) – бесінші сатыда, материя – алтыншы сатыда» [4, 9-10 бб.], – деген ойшылдың бұл ілімінен терең онтологиялық көзқарасты көреміз. Әртүрлі сатылылығына қарамастан әлемнің біртұтастығын, құдайдан бастау алатындығын пайымдаған.

Ары қарай, әл-Фарабидің айтуынша, адам ай асты әлемінің жоғарғы сатысынан орын алады. Адамзат қоғамы бірегей, ішкі біртұтастықтағы макроәлемнің белгілі бір бөлшегі ретінде ғарыштың құрамына кіретіндіктен, философ оны ғалам құрылымына сәйкес қарастырады. Адамзаттың өзі, сол сияқты жеке тұлға, адамдардың тобы да толыққанды тұтастық ретінде пайымдалды.

Сол замандағы ислам әлемі қоғамды толғандырған қарама-қайшы әлеуметтік-саяси мәселелердің шешімі адамзаттың ақыл-парасаты және басты құралы логикасы деп сенді. Ойшыл адамзат пен Құдай арасындағы барлық байланысты философиялық эманациялық теориясы арқылы көрсетті. Бұл теория, Құдай мен әлем арасындағы субстанционалдық айырмашылықты жеңуге, Құдай мен әлем арасындағы көпқырлы қарама-қарсылықты сақтауға және бақилық пен фәниліктің арасын жалғастырушы орталық бөлшек – адамды тануға ықпал етті. Бұл теория әл-Фарабиге ғаламның біртұтастығы идеясын жеткізуге мүмкіндік береді. «Болмыс одан бастау алғанда өз сатысына лайық өзара бірігеді, жалғасады

және тәртіптеледі, осылайша көптеген заттар біртұтас жүйе құрып, біртұтас болмысқа айналады» [3, 229 б.].

Әл-Фараби ислам тарихында эманация туралы айтқан алғашқы философ деп танымыз. Ғалым Атыф Ираки да әл-Фарабидің ислам философиясына алғашқы рет эманациялық ілімді енгізгенін алға тартып, былай деп жазады: «Біз расында, әл-Фарабиді эманация туралы сөз қозғаған арабтың ең алғашқы философы деп айта аламыз. Себебі, әл-Киндиде бұл салаға қатысты бірде бір қысқаша нұсқау таппаймыз. Ол бұл туралы айтудан толығымен алыс...» [5, 67 б.]. Сондықтан да әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық шығармаларында онтологиялық мәселелер әрқашан әл-Фараби көтерген әлеуметтік-этикалық және моральдық мәселелермен ұштасып жатады.

Әл-Фараби өз онтологиясының негізіне сүйене отырып, адамзат қоғамының дұрыс бағытта дамуы әлеуметтік тәртіпке, әлеуметтік құндылықтар мен моральдық-этикалық көзқарастарға байланысты екенін көрсетеді. Ал, мораль дегеніміз – тарихи құбылыс, этиканың зерттеу объектісі. Мораль қоғамдағы өмір сүріп жатқан әрбір тұлғаның арасында қалыптасқан адамгершілік, құқық ережелері мен ұстанымдарының жиынтығы. Осы ойды дамытқан әл-Фараби этиканы – жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Бұл мәселені ойшылдың көзқарасымен түсіндіретін болсақ, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайында трактатында» әл-Фараби Құдайдың жаратылысы болған қоғам, мемлекет, қала және адам табиғатын өзара бірлікте қарастырады.

Осы тұрғыдан қарастырғанда, Әл-Фарабидің философиялық көзқарасының, дүниетанымының негізгі өзегі, мәні мен мақсаты әлеуметтік-моральдық идеяларға негізделгендігін көреміз. Өйткені, бұл көзқарастар ислам заманындағы қоғамнан туындаған мәселелердің заңды көрінісі болды. Ойшылдың философиялық интенциясы адам мен қоғам өмірін кемелденді-руге бағытталғандығын анық көрсетеді.

Жоғарыда атап көрсеткендей Араб халифатында қоғамның барлық салаларын қамтыған ең басты жүйе ислам идеологиясы болды. Ислам идеологиясына сай, қоғамда барлық мұсылмандық құқық нормалары, шариғат шарттары, әдет-ғұрыптық ережелері сақталды. Сондықтан мемлекетті басқарудың саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларында ислам бағыты ақиқат ретінде қабылданып, мұсылмандық жүйе негізінде барлық талаптар бекітіліп, орындалды. Мемлекет пен дін арасында ешқандай да шекара болған жоқ. Ислам діні қоғамдағы рухани және мәдени құндылықтарды, әлеуметтік-этикалық әрекеттерді реттейтін басты құрал болды. Ислам діні адамның рухани жан тазалығы дүниесінің қалыптасуына, Құдайға құлшылық жолының күшеюіне бағытталды. Сөйтіп, ислам мемлекеті халифтың басқарумен құдай жолынан ажырамай барлық азаматарды екі дүниеде де бақытты ететін кемелденген мемлекет деп қабылданды. Мемлекеттік жүйе, адамның осы өмірі мен о дүниедегі өмірі шариғатқа негізделді [6, 292 б.]. Исламның негізгі шарты – ол Аллаға сену, иман келтіру, тағдырды Алладан деп қабылдау. Яғни, адам өміріндегі барлық іс-әрекеттер Құран аяттарында айтылғандай тек Алланың ісі деп қарастырылды.

Сонымен қатар мұсылманның негізгі бес діни парызы: иман, намаз, ораза, зекет және қажылық деп бекітілді. Мұсылмандық ережелер Құран Кәрімде өз көрінісін тапты. Әл-Фараби философиясының әлеуметтік-этикалық концепциясы ежелгі грек философиясына жүгіне отырып, осы бағыт аясында дамыды.

Әл-Фараби рационалдық әдіске басымдық бере отырып, философияны ислам ілімімен ұштастырды. Философияның орны мен рөлі туралы әл-Фараби былай жазады: “Әртүрлі ғылымдардың зерттеу нысандары мен пәндері метафизикалық, физикалық, логикалық, математикалық, саяси болуы мүмкін, ал философия олардың барлығынан қорытынды шығарады, олардан шығарған нәтижелерден философияның қатыстылығы жоқ нәрсе болмайтыны анықталады. Осы жерден оның мақсаты – адам мүмкіндігінің шегінде тану екені белгілі болады” [7, 42 б.]. Осылайша ойшыл философияның қоғамдағы басты рөлін айқындап берді.

Әл-Фараби философиясының әлеуметтік-этикалық концепциялары

Сонымен қатар, әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайында трактаты» этикалық-саяси мәселелерді көтеріп, оны шешудің жолдарын да көрсетіп берген. Трактатта ізгілік концепциясына талдау жасалған. Оны ізгілікті қала, ізгілікті қоғам, ізгілікті адам түсінігімен сипаттайды. Әл-Фарабидің ізгілікті зерде мен моральдың бірлігі ретінде қарастырады. Зерделі адамның қоғамға тек қана жақсы игі істер жасайтындығын анықтайды. Сонымен бірге трактатта мемлекеттік құрылыс туралы пайымдау, басқару формаларын сипаттау, этикалық және саяси нормаларды белгілеу, билеушінің және бағыныштының қалай тағайындалуын анықтау, азғын қоғамды сынау сияқты мәселелер қамтылған.

Әл-Фарабидің пікірінше, адамды бақытқа жеткізетін орта ол ізгілікті қоғам. Ал ізгілікті кемелденген қоғам құру үшін адамдар бір-бірін түсініп, білім мен тәрбие алып, өнегені бойларына сіңірулері, бақытқа ұмтылулары керек. Әл-Фарабидің ізгілікті қаласы тек қана рухани кемелденген қала болуы тиіс. Аталған қаланың өмірін реттеуші ислам діні екендігін және ізгілікті билеуші керек екендігін де атап өтті. Мұндай қалада өмір сүрген тұрғындарды байлық пен атақ, данқ пен құрмет те қызықтырмайды деп пайымдады ойшыл. Олар ағартушылық пен ғылымды, философия мен ілімді, даналық пен адамгершілікті ғана бойларына сіңіреді деп көрсетті. Әл-Фараби жалпы ізгілікті қала тұжырымында адам Құдай жолымен, ойымен жүрсе, адамгершілік заңдылықтардан аттамаса ғана өнегелі, бақытты бола алады деп қорытынды жасады. Сондықтан ғалым өзінің «Бақытқа жол көрсету», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қызметкерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету туралы» сияқты шығармаларында бақытты болудың негізгі шарттары мен жолдарын көрсетеді.

Ал, осы Әл-мадина әл-фадила – Ізгілікті қала концепциясының мәні мен мазмұнын толық ашып түсіндіру үшін, ойшыл, бұл қалаға қарама-қарсы на-дан, адасқан, жаман, бақытсыз қаланы қарсы қойды. Бұл бақытсыз қаланың тұрғындарына бақыт та керек емес, өйткені олар бақыттың не екендігін де білмейді деп бағамдады.

Ойшыл трактатында әлеуметтік-этикалық іс-әрекеттер адамдардың бірлікте, үйлесімде өмір сүруінің басты кепілі екендігін атап көрсетті. Адамдардың ынтымақтастықта өмір сүруі және бақытты болуы үшін олардың өмір сүріп отырған ортасы басты рөл атқаратындығын айқындады. Ол үшін қоғамның бұндай үйлесімділік пен дамуына қалай жетуге болатындығы туралы мәселені қарастырды. Оны ойшылдың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайында трактатындағы» «Адамның бірлестік пен өзара көмекке зәрулігі туралы» атты тарауындағы берген сипаттамасынан көруімізге болады. Онда ғалым: «Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысы оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бержағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне сондықтан да бір-біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады. Осындай қауымның барлық мүшелерінің іс-әрекеті жиналып келгенде олардың әрқайсысына өмір сүру үшін және кемелділікке жету үшін керекті нәрсенің бәрін тауып беріп отырады.

Ортағасырлық ойшылдар Әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Баджа, ат-Таухиди, Ибн Туфайль, Ибн Рушд пен Ибн Халдун адамның кемелденуі мәселесінде аристотельдік: «Барлық адамдар табиғатынан білімге қарай ұмтылады...» [2, 65 б.] – деген пікіріне жүгініп, өздерінің әр түрлі көз-қарастарын ұсынады. Соның ішінде әл-Фараби адамның кемелденуі идеясын қайырымды қала, қайырымды билеуші және қайырымды адам арқылы білдіруге әрекеттенді.

Қайырымды билеуші туралы мәселеде Фараби «Мемлекет» деген еңбегінде Платон белгілеген теорияны қостайды. Басшының туа біткен қасиеттері туралы сөз қылғанда әл-Фараби Платонның пікірін қайталайды. Бірақ бойға жүре келе дарыған қасиеттер туралы айтқанда немесе дүнияуи өкімет билігін имамның (ғибадатшылардың басшысы және мұсылмандардың рухани бастығы) билігімен біріктіргенде, әл-Фараби Платонмен келіспей, платондық идеяларды исламның діни қағидаларымен сәйкестендіреді. Мысалы, Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайында трактатында» «Қайырымды қала басшысының қасиеттері туралы» тарауында былай деп жазады: «Ешбір жанға бағынбайтын басшы адам міне осындай. Ол – имам, ол – қайырымды қаланың бірінші басшысы, ол – қайырымды халықтың басшысы және жер жүзін мекендейтін елдің басшысы. Өз бойында туа біткен он екі қасиетті ұштастырған адам ғана осындай бола алады» [8, 99 б.], – деп ойшыл трактатында қайырымды қала басшысының қасиеттерін атап көрсетеді. Бұл қасиеттердің бір адамның бойынан табылуы өте сирек кездесетіндіктен, мүмкін болса аталған шарттардың алтауы немесе бесеуі ол адамның бойынан табылса сол қаланың басшысы болуға лайықты деп көрсетеді. Ғалымның атаған жоғарыдағы алты шарты бойына дарыған және есейгенде басқа тағы да алты шартқа сай келетін

екінші басшыны да атап өтеді: «Бірінші шарт – дана болу. Екінші – қалаға арнап бірінші имамдар белгілеген заңдарды, ережелер мен әдет-ғұрыптарды жадында сақтап, жетік білу, өзінің барлық іс-әрекетін осыларға сәйкес жүргізу. Үшінші – бұрынғылардан тиісті заң сақталмаған жағдайда, бірінші имамдардың үлгісімен әрекет жасай отырып, бұл жөнінде тапқырлық көрсету. Төртінші – бірінші имамдар аңдай алмаған нәрселерді бұрыннан қалыптасып қалған жағдайды да, болашақ оқиғаларды да қалаған кезінде танып-біліп отырарлықтай тапқыр да білгір болу; өзінің осындай іс-әрекетінде ол халықтың әл-ауқатын жақсартуды мақсат етуге тиіс. Бесінші – бірінші имамдардың заңдарын және солардан кейін, солардың үлгісі бойынша өзі белгілеген заңдарды орындауға жұртты өз сөзімен жігерлендіре білу. Алтыншы – әскери істерді жүргізу үшін қажетті дәрежеде қайратты болу, оның бержағында әскери өнерді қызмет бабындағы өнер ретінде және билеуші өнер ретінде біліп алу» [8, 101 б.].

Әл-Фарабидің айтуынша, қаланың тұрғындары бақытты болуы үшін оны жақсы әкім, яғни, білімді, әділ, адамгершілігі мол, ізгі, жомарт, мейірімді адам басқаруы керек деген көзқарасын ұсынады. Осы қасиеттер дарыған адам ғана қала басшысы болуға лайықты делінген. Егерде бұл қасиеттер мен шарттар адам бойынан табылмаса, қаланың құрып кету қаупіне ұшырайды Ал егер осы басшыға ақылшы етіп қоярлық бір дана табылмаса, қала біраз уақыттан кейін сөзсіз құритын болады деп көрсеткен.

Қазіргі жаһандану заманында осы бабамыздың философиялық көзқарасының шынайы, дәлелді болғанын көріп отырған жоқпыз ба. Сон-дықтан ойшылдың бұл көзқарастары қазіргі күнге дейін маңызды болып, өз құндылығын жоғалтқан емес.

Әл-Фарабидің болмыс ілімі ақыл-ой қағидаларына негізделеді. Яғни, қоғамдағы адам өмірін қайырымдылық пен әділеттілік, адамгершілік, ізгілік, мейірімділік негізінде тәрбиелеу қажет деп пайымдайды ойшыл.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайында трактатында» егер қала басшысы кемелденген адам болса, онда ол «қайырымды» түсінігіне сай келеді деген. Яғни, әлеуметтік-этикалық іс-әрекеттердің жиынтығын бойына жинақтаған дана, білімді адам «кемел» бола алады дейді. Білімді болуды ол даналық деп түсіндірді. әл-Фарабидің сөзімен айтатын болсақ, жоғары даналық – өмір бойы ұзақ үрдіс негізінде кемеліне жететін қайырымды адам. Қайырымдылық туралы сөз қозғайтын болсақ, әл-Фарабидың айтуынша: «Бақытқа жетуге көмектесетін еркін әрекет – тамаша әрекет. Мұны туғызатын әдет-ғұрып – қайырымдылық. Қайырымдылық дегеніміз оның өзі белгілеген бақытқа жету мақсатынан туған жақсылық» [4, 101 б.], – «Қайырымды қала тұрғындарының көз-қарастары жайында трактатында» әл-Фараби «кемел» адам жөнінде жазады: «Егер оның ойлау қабілетінің екі жағында бірдей – теориялық қабілеті мен практикалық қабілетінде, онан соң оның қиялдау қабілетінде де осылай болатын болса, онда бұл адам аян берілетін адамның нақ өзі болмақ, ал Алла-тағала (оның ұлылығы мен құдіреттілігі кәміл) оған әрекетшіл парасат арқылы аян береді. Мархабаты мен құдіреті күшті Алла-тағаладан ағыл-тегіл тасқындап, әрекетшіл парасатқа дарыған қасиет одан жүре біткен парасат арқылы оның

бәйекшіл парасатына, одан соң оның қиялдау қабілетіне дариды. Міне осындай адам оның өзінен оның аңдағыш парасатына дарыған қасиет арқасында дана, философ, кемеңгер парасат иесі болып шығады, ал оның өзінен оның қиялдау қабілетіне қасиет дарыған адам пайғамбар, болашақты болжағыш сәуегей және өмірдегі және оқиғаларды түсінгіш, білгір болып шығады, – міне осының бәрі оның тәңірлікті танып білетін болмысының шарапаты. Адамзат кемелділігінің ең биік дәрежесіне жеткен мұндай адам бақыттың ұшпағында болады. Оның жаны кемелді, жоғарыда біз айтқан әдіспен әрекетшіл парасатпен ұштасқан болып шығады. Бұл адам бақытқа жеткізетін әрекеттің қандайын болса да кәміл білетін адамның нақ өзі. Басшыға қойылатын бірінші шарт осы. Сонымен қатар ол өзі білетін нәрсенің бәрін көркем де бейнелі сөзбен айтып жеткізерліктей қабілеті болуға тиіс; ал жұртты бақытқа бастайтын ең дұрыс жолға сала біліп, бақытқа жеткізетін іс-әрекетке талпындыруға тиіс; сонымен бірге жеке іс-әрекетті жүзеге асыру үшін оның бойындағы қайраты жеткілікті болуға тиіс» [4, 98 б.], – деген көзқарасын жазады.

Әл-Фараби адам кемеліне жетіп, бақытты болуы үшін оның әлеуметтік ортасының да маңыздылығын атап көрсетеді. Яғни, кемеліне келген адам-«қайырымды адам», ал, кемеліне келген мемлекет – «қайырымды қала» деп ой тұжырымдайды.

Қорытынды

Әл-Фарабидің философиялық дүниетанымында қоғамның әлеуметтік, адамгершілік дамуы, мемлекеттің мәні мен басқарылуы үнемі этика және мораль мәселелерімен сабақтасады. Оны біз ойшылдың «Бақыт жолын сілтеу» трактатында жазылған философиялық көзқарастарынан көреміз. Ойшылдың аталған трактаты «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгісіз бір жетілу болып табылады. Мұны түсіндіріп жату [артық] сөзді керек етпейді, өйткені бұл – мейлінше белгілі [нәрсе]» [1, 125 б.], – деп басталады. Яғни, ойшыл бақытқа кез-келген адам қол жеткізе алады және бақыт – игіліктің ең үлкен, қалаулы, пайдалы, жетілген мақсаттарының бірі деп пайымдаған. Әл-Фарабиге, сәйкес, қоғамның басты ұстанымы адамның бақытқа жетуі болып табылады.

Әл-Фараби адам өміріндегі басты этикалық қасиеттердің мәнін аша отырып, туыстық, әділдік, адамгершілік идеяларын дамытты, табиғи қасиеттерінің ішінде этикалық қасиеттерді: әділдікті, ізгілікті, игілікті меңгеруге ұмтылуымыз қажет деп санады.

Қорыта келе, Әл-Фарабидің пайымдауынша, адамзат бақытты қоғам құру үшін оны жақсы басшы, яғни, адами қасиеттерді бойына сіңірген, кемелденген адам басқаруы керек деген көзқарасын ұсынады. Осы адамгершілік қасиеттерін игерген адам ғана мемлекетті басқаруға лайықты деп көрсеткен. Егерде мемлекет басшысы мұндай адамгершілік қасиеттерден жұрдай болса, онда ол мемлекет де, қала да біраз уақыт өткеннен соң жойылады деп, осы жағдайды болдырмаудың жолдарын көрсетеді.

Міне, бұл біздің дана, ұлы ойшылдың салып кеткен дара жолының бірі ғана. Ғалымның мінсіз қоғам құру идеясы біздің демократиялық мемлекет

құруымыздың негізгі коды. Сондықтан ойшылдың бұл көзқарастары қазіргі кезде ерекше маңызды және аса құнды.

Сонымен бірге әл-Фарабидің барлық ғылымдарды меңгере отырып, өте қарапайым болғандығын, өзі ортаға салған ойларына өзі де адал болғандығын білеміз. Ол туралы ғалым Henry Corbin өзінің «Ислам философиясының тарихы» еңбегінде: «Ол өте қарапайым өмір сүрді, тіпті сопылардың киімін киді. Табиғаты бойынша ол ойлы болды және өзін дүниелік нәрселерден алшақ ұстады», – деп жазғаны дәлел бола алады [9, 158 б.].

Сонымен қатар, ғалым А.Машановтың: «Адамдық өмірдің негізгі мақсаты – шындық іздеу, шындық табу. Әл-Фараби барлық өмірін соған арнаған адам. Шындық жолдан адастыратын нәрселер де бар, олар тән тілегі, нәфсы. Әл-Фараби ол жағынан да шегіне жеткізіп тиым салған адам...», – деп пайымдауы әл-Фарабидің болмысының бірегейлігін айқындайтыны сөзсіз [10, 19 б.].

Әл-Фарабидің болмыс ілімі ақыл-ой қағидаларына негізделеді. Яғни, қоғамдағы адам өмірін қайырымдылық пен әділеттілік, адамгершілік, ізгілік, мейірімділік негізінде тәрбиелеу қажет деп пайымдайды ойшыл. «Алла әлемнің бар болуына себепші [3, 40 б.], – деп жазған. Яғни, ғалым Жаратушыны адамдардың кемелденуіне жол көрсетуші деп жазған. Бұл жерден біз ойшылдың әлеуметтік-моральдық концепциясының бірегейлігінің ұштасқандығын көреміз. Ал ғалым Маджит Фахри «Әл-Фараби, ислам нео-платонизмінің негізін қалаушы» [11, 5 б.], – еңбегінде әл-Фарабидің осы ойын көрсеткен.

Әл-Фараби өзінің жалпы философиялық көзқарасы мен жүйесінде адамзаттың бақытты қоғамы туралы айта отырып, мінсіз қоғам құрудың үлгісі – шын мәнінде жастардың рухани құндылықтарын қалыптастырудың негізгі қайнар көзі деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. А. Машани атындағы 2285 қор, № 1 тізбе, №3 іс. – 560 бет.
- 2 Шығыс философиясы. Оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2009. – 480 б.
- 3 Нысанбаев Ә., Құрманғалиева Ғ., Сейтахметова Н. Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 4-том. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. I бөлім. – Астана: ТОО «Лотос-Астана», 2007. – 286 б.
- 4 Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1973. – 400 с.
- 5 Necati Aydin. Farabinin tabiat iliminin Kokleri Hakinda Yuksek Makaleler. – Ankara, 1986. – 67 s.
- 6 Аль-Фараби. Философские трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 43 с.
- 7 Әл-Фараби философиясы. Жиырма томдық. II том. – Астана: Аударма, 2005. – 447 бет.
- 8 Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. – Алматы, 1961. – 693 б.
- 9 Henry Corbin. History of Islamic Philosophy. – London, 2011. – 382 s.
- 10 Машанов А.Ж. Об изучении наследия Аль-Фараби // Вестник АН КазССР. – 1961. – № 5.
- 11 Majid Fahri. Al- Farabi, Founder of islamic neoplatonizm: his life, Works and influence. – Oxfor: Oneworlidd Publications, 2002. – 132 s.

Transliteration

- 1 CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. Fund 2285 named after A. Mashani, list 1, file 3. – 560 pages.
- 2 Shyryys filosofijasy. [Eastern Philosophy]. Oku kuraly. – Almaty: Writer, 2009. – 480 p.
- 3 Nysanbaev A., Kurmangalieva G., Seytakhmetova N. Abu Nasyr al-Farabi. 10 tomдық shygarmalar zhinagi. 4-tom. [Abu Nasir al-Farabi. Collection of Works in 10 Volumes. Volume 4]. Aleumettik-Philosophia. Ethica. Estetica. 1 bulim. – Astana: TOO «Lotos - Astana», 2007. – 286 p.
- 4 Al-Farabi. Sosialno-etizheskiye traktaty [Socio-Ethical Treatises]. – Alma-Ata: Nauka. 1973. – 400 p.
- 5 Necati Aydin. Farabinin tabiat iliminin Kokleri Hakinda Yuksek Makaleler [Higher Articles on the Roots of Farabi's Natural Scholar]. – Ankara, 1986. – 67 p.
- 6 Al-Farabi. Philophizhescie tractate [Philosophical Treatise]. – Alma-Ata: Nauka, 1972. – 430 p.
- 7 Al-Farabi filosofiyasy [Philosophy of Al-Farabi]. Jiyirma tomdik. II Tom. – Astana: Audarma, 2005. – 447 p.
- 8 Abai Kunanbaiulu. Sygarmalarynyn bir tomдық zhinagy. [Complete Collection of Works in One Volume]. Kazaktyн Memlekettik korkem adebiet baspasy. – Almaty, 1961. – 693 p.
- 9 Henry Corbin. History of Islamic Philosophy. – London, 2011. – 382 p.
- 10 Mashanov A.Zh. Ob izuzhenii naslediya Al-Farabi [About Studying the Heritage of Al-Farabi] // Vestnik AN KazSSR. – 1961. – No. 5.
- 11 Majid Fahri. Al-Farabi, Founder of islamic neoplatonizm: his life, Works and influence. – Oxfor: Oneworld Publications, 2002. – 132 p.

Раисов К.Д., Жылкышыбаева К.К., Кожакеева Л.Т.

Уникальность и особенности морально-этической концепции аль-Фараби

Аннотация. В статье проанализированы произведения Абу Насыра аль-Фараби, где он разработал свою собственную концепцию идеального устройства. Особое внимание уделено проблемам гуманизма, нравственности, которые рассматривались философом основой достижения человеком счастья.

Вопрос о счастье и нравственном совершенстве человека был для аль-Фараби одним из важнейших вопросов. Вопрошение нравственного совершенства и знания, которые ведут к счастью, есть основная идея философии аль-Фараби.

Ключевые слова: мораль, этика, онтология, учение о бытие, общество, добродетель, счастье, эманация, философия.

Raissov K., Zhylykshybaeva K., Kozhakeeva L.

The Uniqueness and Features of the Moral and Ethical Concept of Al-Farabi

Abstract. The article analyzes the works of Abu Nasir al-Farabi, where he developed his own concept of an ideal device. Particular attention is paid to the problems of humanism and morality, which were considered by the philosopher to be the basis for a person's achievement of happiness.

The question of happiness and moral perfection of man was one of the most important issues for al-Farabi. The embodiment of moral perfection and knowledge, which lead to happiness, is the main idea of al-Farabi's philosophy..

Key words: morality, ethics, ontology, the doctrine of being, society, virtue, happiness, emanation, philosophy.